

**ТІЛЕУХАН  
ЖҰМАХАНОВ**

**ОТЫРАР** кітапханасы



**“ОЛКЕ”  
БАСНАСЫ**

**ӨТКЕЛ**

Тілеухан ЖҰМАХАНОВ

# Өткел

*Тарихи баян және  
әңгімелер*



АЛМАТЫ  
**Еркес**  
БАСПАСЫ  
  
2006

ББК 84Қаз7  
Ж 81

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Ж 81 **Жұмаханов Тілеухан.** *Өткел.* -Алматы, “Өлкө”.  
-2006. -240 бет.

**ISBN 9965-742-74-X**

Жазушы Тілеухан Жұмахановтың бұл жинағына  
тарихи түлгә Қасым ханның қазақ хандығының негізін  
қалау жөніндегі ішкі және сыртқы саясатын, ел  
басқару әдісін, ерлігін, шайбани әулетті мен арадағы  
қақтығыстары мен шайқастары, хандықтың шекарасын  
кеңейтіп. Еуропага дербес қауым болып танытудын,  
“Қасымханның қасқа жолы” дейтін әйгілі заңның өмірге  
келу жолдарын дәлелдеген.

Сонымен бірге жинаққа енгізілген бес әңгіме де ауыл  
өмірі, адамдардың тәгдышы, тыныс-тіршілігі, мінез-  
құлқы, қарым-қатынасы шытырман оқиғалармен шебер.  
сенімді суреттелген.

*Кітап жалпы көпшілікке арналған.*

ББК 84Қаз7

Ж 4702250200  
00 (05)-06

**ISBN 9965-742-74-X**

© Жұмаханов Т. 2006  
© “Өлкө” баспасы, 2006



# Құссақас жаңы

Досым Қазбек Райымбековке арнаймын

тарихи баян

*«Қазақ халқының бұрынғы-соңды хан,  
сұлтандарының ішінде Қасым хандай құдіретті  
әмірші болған емес.  
Оның үш жүз мың әскері бар еді».*


ЗАХИР әд-ДИН МУХАММЕД БАБЫР «Бабырнама»,  
1526-30 жылдар.

*«Қасым хан бүкіл Дешті-Қыпшақтың падишаһы  
болды. Ол ұлы істер жасау үшін туган адам еді.  
Қасым ханның қисапсыз әскері қазақтар мен  
ногайлардан құралған еді».*

АБДАЛЛАХ бен МУХАММЕД бен ӘЛИ НАСРУЛЛАХ,  
«Зубадет әл-АСАР», 1525 жыл.

*«Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшаққа билік жүргізді.  
Оның қарулы халқының саны миллионнан асатын.  
Шыңғыстың ұлы Жошы ханнан соңғы жерде бүл  
жүртта Қасымнан асқан құдіретті хан болған  
жоқ».*

МУХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТ «Тарих-и Рашиди»,  
1541-45 жылдар.



# I. Сәулеңде

Тамыз айының мамыражай кеші. Қырық күн шілденің ми қайнатар ыстығы әлдеқашан қайтқан. Сары даланы ортан белінен кесіп етіп, күнбатысқа қарай ирелендеп, тоқтаусыз ағып жатқан ұлы дариядан салқын самал еседі. Дарияның арнасы кен, айқайласаң аргы шетіне даусың жетпейді. Қос жағалауы ну тогай. Жыңыл, шілік, жиде ағаштары аралас өскен. Тогай арасындағы салт атты адам әзер өте алатындағы ғана соқпақ сүрлеу де құдды жыланның ізі секілді. Ирелен-ирелен етіп, дариямен жарысып кете береді.

Әсіресе, тар соқпакты бойлай өскен қоянсүйек (Сыр өзенінің бойында өсетін бұтандың бір түрі) пен шенгел бұтақтары Қасымның мазасын алып-ақ бітті. Сәби шагынан денесін тік үстап, өзгенің алдында иілуді ар санап өскен он төрт жасар бала сұltан ат сауырына жететін қалың шенгелдің етек-жекін тырмалағанына назар аудармауга тырысты. Алайда нән қоянсүйек бұтағы жолын кес-кестегенде амалсыз еңкеюге мәжбүр болады. Мұны қойшы, бәрінен де Ғұлам қарига қызын соқты. Бұлардың әр қимылын жіті қадагалап отыратын Атабек әкесімен бірге Әбліхайыр хан ордасына сапарлап кеткен. Осыны пайдаланып, Ғұлам қаридың қунделікті дәрісін ерте бітірген Қасымның өзі еді. Хасен де «аңға шығайық» деп қынқылдап қоймаган. Құн сайын шүқшиып отырып, том-том қолжазба кітаптарды актарту екеуін де әбден мезі етті. Ол қолжазбалары өз халқынан тарихына қатысты болса бір сәрі-ау, кейде қайдагы бір пайғамбарлар омірін тәптіштеп кетеді. Әр сөзін

ежелеп отырып азер түсінесін. Қалықтырды әбден. Қасымға оқудан гөрі соғыс ойыны кобірек ұнаїды.

Соғыс ойынына үйрететін – Атабек. Капсағай денелі кара кісі. Сауытыңың қалай түймеленгенінен бастап, қылышты қалай ұстаганыңа дейін мұлт жібермейді. Сәл агаттық жасадың бар гой, шұңқирек козі өңменіңі тесіп жібере жаздаіды. Құлды қеудеце көк сұңғі қадалғандай, арқаң мұздап кетеді.

Бір жақсысы – бүгін Атабек жоқ. Қасымның әкесі Жәнібекпен бірге кеткен. Гұлам қари қөңілшек. Сірә, көп оқыған адамның бәрінің жаңы ерекше жұмсағып, ешкімнің қоңілін қалдырмауга машықтанатын болса керек. Әне, казір де дөлбендеғен шапаның етегін шенгел жыртқанына қарамастан бұлардан қара үзіп, қалып қоймауга тырысып-ақ келеді. Тіпті, сәлдесінің салбыраған ұшын жинауды да білмейді. Онысы әлсін-әлсін қарсы кездескен бұтага ілініп, әбден мазасын алған секілді.

Ал Хасенге бәрібір. Қеудесімен тұтаса біткен желкесі нілуді білмейді. Жып-жинакы, жұп-жұмыр. Құлды астындағы атымен бірге жаратылғандай. Сүрлеумен жүру қаперінде жоқ. Ну тоғайға қойып кетеді де, аргы шетінен бір-ақ шығады. Қас қақканша шапқылан бері келе жатады. Сірә, терісі қалып шығар, әлде әбден машықтанып алған ба, мың сан ағаш бұтагынан корғануды білмейді. Сақ-сақ құліп, мәз болып жүр.

Хасен – Атабектің ұлы, Қасыммен түйдей құрдас. Алғаш кездескенде Қасым сұлтанның қаймығып тұратын. Қейін дос болып кетті. Тіпті, Жәнібек ханың кіші ордасына Қасымға еріп кіріп, Жаган begiminiң қолынан талай рет дәм де татты.

Қасым «хан баласы», «қара баласы» деген үгымдарды түсінбей-ақ койды. Адамның баласы болған соң, бәрі бірдей емес пе? Оларды тек адалдық, батырлық, қайырымдылық сияқты қасиеттері гана бір-бірінен ерекшелеге қажет. Бұл – Қасымның пікірі.

Бірақ, оз әкесі Жәнібек те, анасы Жаган begim де бұлай ойламайтын сияқты. Ханың үлкен ордасындағы Қасымның басқа анидан туган агалары Ирениші мен Махмұт өздерін,

тіпті, өктем үстайлды. Бұған, сірә, қара халықтың өзі де кінәлі болса керек. Кездескен жерде «хан ием», «сұлтан ием», «ханым» деп, сыпайысып тұргандары. Басқасын айтпаганда, күнде дәріс беріп жүрген үстазы Ғұлам қари да кіп-кішкентай Қасымды «сұлтан» атап иіліп-бүгілуден бір жалықпайды-ау. Қайта Хасен батыл. Әрдайым бірге оқып, бірге ойнап жүрген соң ба, қазір мұны «Қасым» деп атайды.

Күнде жанында осы Хасен болмаса қайтер еді. Інісі Қамбар кішкентай. Ұлғи бір-біріне иіліп-бүгілген үлкендер арасында зерігіп, ішкүсалыққа шалдышуы да мүмкін екен-ау.

— Қасым!

Хасеннің оқыс дауысы ойын бөліп жіберді.

— Қасым! Әне қоян қашты! Ашыққа қуып шығайык!

Алып қоянсұйектің көлеңкесінде шоқып отырган багылан қозыға бергісіз үлкен түз қояны қос қапталдан қатар естілген қикудан үркіп, шенгел-шенгелдің арасымен орги-орги кең далага қашты. Қасым мен Хасен де қалың тогайды бұзып-жара соңынан ұмытылған. Сүр қоян қатты желдің екінімен ломаланған қаңбақтай болып, ашық далада беziп барады.

— Қасым-ау! Болсайшы енді. Көз жазып қалатын болдық қой.

Делебесі қозып, дегбірі қашқан Хасен шыдамсыздана шыр-шыр етеді.

Бірақ Қасым асықпады. Баппен иығындағы садағын сыптырып, оюланған тері қорамсағынан үкілі жебесін суырды. Багылан қоян көз үшінда бұлдырап, сүр нокатқа айналғанша асықпай көзdedі...

Суылдаған үкілі жебе жер бетінен тағы бір орги көтерілген сүр нокаттың ортан белінен қадалды.

— Обал-ай, — деді шапанының етегі делеңдеп, Қасым мен Хасеннің жанына енді ғана жеткен Ғұлам қари, — И, и, и, обал болды гой.

Қасым Хасенге иек қакты. Олжаны өзің бауыздап, озің ал дегені. Хасен лып етіп шаба жөнелді.

— Жер бетіндегі жан-жануардың бәрін Алла тағала адамның азық етуі үшін жаратқан деп айтқан өзің емес пе, Ғұлам қари?!

Қасым үстазына сыйай көз таstadtы. Ғұлам қари қолайсыз күйден әлі арылмапты. Жасқаншақтана жауап қатты.

— Сұлтан ием! Азығың таусылып, аш отырсаң бір жөн. Тірі мақұлықты ермек үшін тіршілігінен айырган обал ғой.

— А, солай ма? Онда аң аулау қызығын Хасеннің өзі-ақ көрсін. Ал біз, жүр, сейілдеп қайтайық.

Қасым атының басын дарияга қарай қайта бүрдys. Ғұлам қари ілесіп отырын дегендей, жүрісін тежеді...

## II. سەنەت سەھىپ

— Ғұлам ага, — деді Қасым оқыстан, — сіздің білмейтініңіз жоқ. Мынау мол су қайдан келіп жатыр?

— Таудан, сұлтан ием, таудан. Мынау кең даланың түстігі биік-биік тауларға барып тіреледі. Солардың бірі — осы ұлы дария бастау алатын Тәніртау. Тәніртау шығысқа қарай аласарып барып Тарбагатай тауларына жалғасады. Ал Тарбагатайдан әрі ақ сенгір Алтай таулары басталады.

— Тәніртаудың несі кім?

— Тәніртаудың аргы бетін де, бергі бетін де, бұл дүниедегі адам аяғы жеткен жердің бәрін ежелден киіз туырлықты көшпелі жүрт — мына сенің бабаларың иеленген, сұлтан ием... Ежелден келе жатқан бір жыр бар. Білетіндер осы жыр қашап жазылған сынтас сенгір Алтайдың аргы жағындағы кең жазықта әлі күнге дейін түр деп айтады. Үмытпасам, әлгі жыр «биіктеке көк тәнірі, төменде қара жер жааралғанда, ортасында адам баласы жааралған. Адам баласының үстіне менің ата-бабам — Бумын қаган, Иstemі қаган отырган. Отырып түркі халқының ел-жүрттын қалыптастырып, Иелік еткен» деп басталады.

— Түркі халқы дей ме? Олар кім? Шынымен-ақ ең ежелгі жүрт па?!

— Й-и-и, сұлтан ием. Бұл ұзақ әңгіме ғой. Тәніртаудың қос бетін қатар жайлаган киіз туырлықты көшпелі жүрттың

арғы тегі Сақ елі атанипты. Сақтар алтынды арбалап тасып, жылқыны қойша өргізіпті. Бес жасар баласынан бастап ару әйелдеріне дейін ат құлагында ойнаган жауынгер жүрт еді деп жазады көне тарихшылар. Шығыстагы ақ сенгір Алтайдан батыстагы Балқантауға дейінгі кең байтақ аймақ сол сақтардың иелігінде болыпты. Тіпті олардың бір бөлігі Мысырга дейін жорық жасап, жолында кездескен сан түрлі жүрттың зәре-құтын қашырыпты. Грек халқы арасындағы атымен бірге жаралғандар туралы аңыз, әне, сол кезден қалғаң, сұлтан ием.

— Сақтар өзі қай заманда өмір сүрген?

— Файса пайғамбардан сегіз жұз — тоғыз жұз жыл бұрын ел болып құралса керек. Бес жұз жылдай жарты әлемді дүркіреткен де, бірте-бірте тоз-тозы шықты гой.

— Кім сонда олардың тоз-тозын шығарған?!

— Й, й, и, сұлтан ием! Бұл пәниде мәңгілік ештеңе жоқ.

Мықтымын деген ердің де, елдің де күш-қайраты қайтатын шағы болады. Сақтар да сол. Алдымен парсының Ахамен әүлетінің шапқыншылығына ұшырады. Й, й, и. Иран мен Түранның ол соғысы ұзақ болған. Ұлы Кир туралы естіп пе едіңіз, сұлтан ием. Парсыны парсы еткен сол Ұлы Кир де дәл осы далада сақтардың әйел патшайымының қолынан қаза тапқан. Содан соң Кирдің өшін алам деп, бес қаруын сайланағып Дарий жорыққа аттаныпты. Мұнда бір емес, екі рет шапқыншылық жасады. Бірақ, бәрі бір жене алмай, салы суға кетіп кері қайтыпты. Соңғы жорығынан соң, еліне барып, өзінің сақтармен соғысын тасқа қашап жаздырыпты деседі. Сол тас әлі түр дейді білетіндер.

— Ғұлам қари, сонда қалай? Жасанып келген жауына женідірмеген сол халық қайда қазір?

— Қайда? Қайда? Сұлтан ием, өзің күнде көріп жүрген адамдардың бәрі сол сақтардың үрпағы. Оның ішінде мына өзіңіз де барсыз.

— Қалайша?

— Солай, сұлтан ием. Сақтарға байланысты соңғы дерек атақты Ескендір Зұлқарнайының жорығы туралы көне кітаптарда кездеседі. Ол да келген гой мына дарияның

бойына. Бірак бері отпей, согыспастан кері қайтыпты десеті. Содан соң сақтардың аты атамайды. Бірте-бірте болшектеніп әр болігі өз алдына болек сл болып кетсе керек.

— Бастары бірікпей, бытырап құрыған екен гой.

— Олай деуге болмас, сұлтан нем. “Ориныда бар оңалар” деген мақалды есіткен шыгарсыз. Қоңе жазбаларда көп айтылатын Үйсін орласы, Қаңлы орласы, Гүн ұлысы легендерің сол кіз туырлықты сақтардың үрпақтары құрган мемлекеттер болатын. Ғұндардың Мәде есімді патшасы Алтайдың кос бетіндегі бұрынғы сақ тайпаларын қайта Әріктіріп қуатты ел еткен. Ханзулардың өзі ғұндарга салық төлеп тұрган деселі.

— Ханзу деген тағы да қайдан шықты?

— И, й, и, сұлтан нем! Мынау кара жердің ең түстігінде тұратын сондай бір халық бар. Саны көп. Құмырсақ сынды еңбеккор-ак өздері. Жерге жабысып алып екпейтіні жоқ. Қала салуға бейім. Қағазды да, жібек матаны да алғаш жасаған солар. Бұл дүниядада адам да, халық та өз көршісін қалауымен таңқап алмайды. Алла тағаланың әмірімен болатын іс бәрі де. Кіз туырлықты көшпелілер мен отырықыны ханзуларды қатар қондырған да бір Алла. Діні де, лілі де жат болған соң ба, ғұмыр бойы бір-бірімізben жагаласумен-ак келеміз. Ханзулардың анау сенгір Алтайдың аргы бетіндегі Саржазықтан оқшауланып, пәленбай шақырымдық қамал соққаны да сол — көшпелілерден қорганбақ болған түрі. Біздің жұрт ханзуларды қытай деп кемсітсе, күнбатыстағылар Шың елі деп, аспан елі деп әспеттейді.

— Хош, Ғұлам қари! Ханзуларды бірталай қауызладың? Ал әлті Мәде патша билеген ғұндарың не болды?

— Не болсын, сұлтан нем! Мәде о дүниелік болған соң, бұрынғы іргелі ұлыс өз ішінен ыдыраган. Үйсін орласы бір бөлек, Қаңлы орласы бір болек, ғұндар бір бөлек. Бас-басына би болып, бір-бірімен жауласуға көшкен. Әрине, ханзулар да қарап жатпай, араларына ши жүгіртіп отырган. Көшпелілердің бір-бірімен қажасып, әбден әлсірегеніне

көздері жеткен соң, қалың қолмен тарпа бас салады да, тоз-тозын шығарады. Ұлы ғұндардың соңғы тәңіркүты Шөже бабамыз мына біздің түстігіміздегі Тараз шаһарында ханзулармен актық демі біткенше арпаласып, коз жұмган.

— Тым қайғылы оқиға екен. Сонымен ғұндарды да бітірдім де, Ғұлам қари!

— Біткен жоқ, сұлтан ием! Ұлан-гайыр ұлыс бір сәтте жер бетінен жогалып кете қояр ма? Тәңіркүты қаза тапса да, Шөже патшаның қалың елі осы маңмен шұбыра көшіп, сонау батыстағы Еділ дарияның бойына жетіп бір-ак тоқтаған гой. Ес жиып, қайтадан ел болады. Ел болғанда да, қаһарымен алыс-жакын жүрттың бәрін қалтыратқан ұлы ұлысқа айналады. Еділ патша туралы есітіп пе елініз, сұлтан ием! Баяғы Ескендір Зұлқарнайыннан қалған жүртқа ие болып, жарты әлемді билеп отырган Рум мемлекетінің өзі. Еділ патша сарбаздарының екпініне қарсы тұра алмаган. Мына қара жердің батыс бөлігін мекендеғен сан түрлі халықтың Еділ патша алдында қогадай жапырылмағаны жоқ. Еділдің есімін естісе, алі құнғе дейін жылаган баласы жұбанады.

— Пах! Пах! Еділ бабамыздың аруагын аспанга бір-ак шығарлың, Ғұлам қари! Қайда қазір сол ел, сол қуат?!

— Й-й-й, сұлтан ием! Айттым гой әлгіде, күш-қуаты қайтпайтын адам да, ел де болмайды деп. Өседі. өшелі. Бәрі бір Алланың қалауымен болатын іс. Еділ патша қатындыққа алған әлгі бір бургун қызының қолынан қапыда қаза тапкан соң-ак, ғұн ұлысының берекеті қаша бастапты. Ақыры бөлшек-бөлшек мемлекеттерге бөлініп, быт-шыты шықты гой. Киіз туырлықты көшпелілердің қайта бас біріктіріп, үлкен мемлекет құруы үшін тағы да жұз жылдай уақыт керек болды.

— Немене? Тагы қандай мемлекет ол?

— Қандай мемлекет дейсіз бе, Сұлтан ием! Мана өзініз сұраган түркілер мемлекеті сол. Түркі қаганаты деп аталған.

— Түркілер өзі қайдан пайда болды?

— Баяғы ғұндардың батысқа көшпей қалған ұрпақтары гой. Жат жүрттың боданы болып жүріп-ак ес жиып, бұрынғы дербес елдігін қалпына келтіруге шамасы

жеткенін айтсанызышы. Алдымен Алтай тауының қойнауын қоныстанып, темір қорытуды кәсіп қылған ашина тайласы есін жиыпты. Ашина дегені — бөрінің үрпағымыз дегені. “Жау шапқан елдің жұртында қалған мешел баланы бір бөрі сүтімен асырап адам етіпті, біз содан тараган үрпақпыш”, — деп аңыз айтады екен өздері. Борілі байрақ көтеріп, қандас бауырларын бір тудың астына қайта жинапты. Түркі деген сөз, сірә. билеуші бектерінің лауазымы болса керек. Түркілер елінің аз уақытта-ақ қуаттанып шыға келгені сондай, ханзулардың өзі оларға бағынуға мәжбүр болыпты.

— Бұл өзі қай уақытта пайда болған мемлекет?

— Түркі қаганаты, жаңылмасам, Мұхаммед пайғамбар өмір сүрген уақыттан жұз жылдай бұрын пайда болған. Й, й, и, сұлтан ием! Саржазықтағы туысқан жүртты бір ұлысқа жинап алған соң, түркілер Тәңіртаудан бері асып, Еділ дарияның аргы бетіне дейінгі кең байтақ аймақтағы бауырларының да басын біріктірді емес пе? Шығысындағы ханзулар, батысындағы парсылар мен гректер, бәрі де, түркі қаганына өз елшілерін жіберіп, мәмілеге келуге тырысқан. Енді қайтсін? Ол заманда батыс пен шығыстың сауда саттық жолы осы кең даланың үстімен өтетін. Сол ұлы жолды түркілер өз бақылауында үстаған гой. Парсылармен сілкісіп, гректермен арбасып өткен дәурен гой ол бір.

— Түркілер қанша уақыт дәурен құрды сонда?!

— Екі жұз жылдай болып қалар, сірә.

— Содан соң...

— Й, й, й, сұлтан ием. Іштей іріп, тоз-тозы шығып, дүние дидарына тарыдай шашылып кетті гой. Алдымен біртұтас ұлыс Шығыс Түрік қаганаты, Батыс Түрік қаганаты болып екіге болінді. Шығыс Түрік қаганаты түркілердің бұрынғы қуатын қалпына келтіріп, азды-көпті дәурен сүргенімен, өз құрамындағы үйғырлардың бүлігінен құлап тынды. Көп ұзамай Тәңіртаудың аргы бетіндегі көшпелілер билігі үйғырлардан қыргыздарға көшті. Қыргыздардың түбіне қидандар жетті. Қиданды шығыстан келген шүршіттер бері ысырды. Ақыры керейті бір бөлек, найманы бір бөлек, меркіті бір бөлек, қыргызы бір бөлек, үйғыры бір бөлек,

қиданы бір болек жеке-жеке ұсақ хандық құрып, тұтас ұлыстың тоз-тозын шығарады гой.

— Хош, Ғұлам қари! Шығыс түркілердің тарихы түсінікті болды. Ал батыс түркілер қайда жоғалып кетті?!

— Жоғалған жоқ, сұлтан ием! Батыс түркілер бастан-ақ бір-бірімен туысқан он сан жұрттан құралатын. Сол оны бір-бірімен билікке таласып іштей іріді гой. Алдымен билікті түргештер алды. Түргештер билігін Тәніртаудың аргы бетінен келген қарлықтар құлатты. Қарлықтардан тақты ягма жұртының өкілдері — Қарахандар тартып алды. Батыс түркілердің тілін иманга келтіріп, мұсылман еткен осы қарахандар. Олар билік құрган тұста бұл өлкеде өнер-білім өркендеді. Ғұламалар көптеп шықты, жаңа қалалар салынды. Қарахандардың бір опық жасаған жері — баяғыда бір тудың астында болған туыс жұрттармен тіл табыса алмаған. Соның салдарынан оғыздар түстікке шұбырып, парсыны жәукуемдеді, онымен де тынбаї, гректермен ыргасып, анау Мысыр беттегі улы теңіздің қос бетіне барып қоныстанды. Ал тоқсан екі баулы қыпшақ жұртының саны, тіпті, көп еді. Бір бөлігі Еділ дариядан ары асып, Қап тауына тірелсе, бір бөлігі оғыздардың соңынан ілесе, ауган асты, үнді жеріне көшті. Еділ дариядан ары асқандары орман жұртымен бірде бауырласа, бірде ыргаса жүріп күн кешті, түстігіндегі гректермен бірде тату, бірде кату болды. Оғыздардың ізіне ілескендері мұсылмандыққа ден қойып, Хорезм мемлекетін құрды. Ол мемлекет дәргейіне мына біз тұрган аймақ түгел бас ұрды. Хорезм падишаһтары Қарахандар иелігін де Тәніртаудың аргы жағынан келген қидандармен қақ бөліп алды.

— Белу, алу. Одан қалды шұбыра көшу. Қара халықтың қамын кім ойлаган сонда?

— И, и, и, сұлтан ием! Қара халық та бір, жайлы өріс іздеген қой да бір. Кім бастаса, соның соңынан ереді. Бастаушыға Алла тағала парасат пен ынсал бергей деп тілеңіз.

— Түсіндім, Ғұлам қари! Түркінің тарихын өсімен тамамдадым де. Тағы да тоз-тозы шыққан есіл ел. Бастары бірікпей-ақ кеткен екен гой.

— Неге олай дейсің, сұлтан ием! Біріккен! Біріккенде қандай?! Тоз-тозы шығып, бірі пүтқа табынған, бірі кәпірлердің саясын сагалаған, бірі мұсылман дінінің нагыз қоргаушыларына айналған түркілерді қайтадан бір мемлекетке біріктірген адам табылды. Ол мына сіздің ұлы бабаңыз Шыңғыс хан болатын.

— Білем, Гұлам қари! Естігенмін ұлы бабамның есімін! Бірақ, біздің түркілерге қандай қатысымыз бар? Біз тере түккимы, монғол емеспіз бе?

— Монғол! Монғол! И, и, и, сұлтан ием! Монғол емес, мыңқол гой... Алғашқы сенімді сарбаздарын мыңқол деп атаган Шыңғыс бабаңың өзі. Шүршітке бодан болған Алтайдың аргы жағындағы көшпелілер ортасында дүниеге келген Шыңғыс бабаң жас кезінде көп корлық көріпті. Бұл көшпелілерің баяғы Шыңғыс Түрік қaganатының орнында қалған біртұтас қалың ұлыс болатын. Тек бастары бірікпей, әйтеуір бытырап ғұмыр кешіп жататын. Шыңғыс бабаң сол бытыраган көшпелілердің басын қайта біріктіріп, қайтадан біртұтас ел жасады. Әуелі меркітті жаулады, сосын татарды бағындырды. Өктемсінген Қерей хандығының тағын тартып алып, коп ұзамай найманды да өзіне қосты. Калған көшпелілер өз еркімен Шыңғыстың дәрgeйіне бас үрдys, бағынғысы келмегендеп Алтайдан бері асып, мынау кең далага қарай қашты. Алтайдың аргы бетіндегі барлық қандастарын бір тудың астына жинап болған соң, баяғы шыңғыс түркілердің дәстүрімен өзін Ұлы қagan жариялады. Қын кезде жанында болған жауынгер серіктерін де ұмытпай, оларды «мыңқол», «алтын ұрық» деп атады. Жаңадан ірге көтерген мемлекетіне де Ұлы мыңқолдар елі деген атақ берді. Сол күннен былай мыңқолға кірген адамның өзін де, үрпағын да құл етуге, қорлауга тыйым салынатын салт енгізілді. Солай, сұлтан ием, өзіңіз айтқан монғол деген атақ сол Ұлы мыңқолдар еліне байланысты шыққан.

— Түсіндім, Гұлам қари! Тұбіміз бір түркі екенбіз гой. Ұлы мыңқолдардың ұлы қaganы сөйтіп мұратына жетті де.

— Й, и, и, сұлтан ием! Муратына жету қайда?! Болмашиға майданып, орта жолда тоқтایтын ба еді Шыңғыс

бабаң?! Бұл үлкен істің басы гана болатын. Айналасындағы көшпелілерді жұмылған жұдырықтай топтастырып, мың сан әскер жасақтап алған соң бастады ғой ұлы жорықты.

— Қайда?

— Ең әуелі шұршітке. Талай жыл көшпелілерге тізесі батқан шұршіт елінің әп-сәтте тас-талқанын шыгарды.

— Шұршітің кім, Гұлам қари? Көшпелелердің түстігі қашаннан ханзулармен шектеспейтін бе еді?!

— Й, й, й, сұлтан ием! Ханзу да, шұршіт те негізінен бір-бірімен туысқан насылдер. Шығыс түркілердің өз ішінен таққа таласып, ашина әuletін үйгырлар құлатқанын, үйгырларды қыргыздар жәукімдегенін, қыргыздарды қидандар құғанын бұрын бір айтып едім ғой. Ал қидандардың түбіне мына қара жердің шығысынан келген шұршіттер жетті. Олар тек қидандарды бері қуып қана қоймай, ханзуларды да тықсырып, сонау түстікке қуып тастанды. Сөйтіп ханзулар салған ұлы корғанның аргы бетіне өз мемлекетін орнатты. Ол мемлекетті өздері Цзинь мемлекеті десе, біздің көшпелілер Алтан хандығы деп атап, қас-қабагына қарап, жалтақтап отырган. Талай жылғы ыза-кек қойсын ба, көшпелілердің жойқын жорығынан соң, шұршіттер қай інге тығыларын білмей қалды.

— Ал ханзулар ше?! Тегі бір туысқан жұртына қемектеспеді ме?

— Қемектеспек тұрмақ, бір кезде өздерін түстікке қуып тастанған шұршіттердің бейшара күйге түскеніне санын шапаттап қуаныпты деседі. Қайдан білсін, егізге туган күн бұзауга да туарын.

— Сонда қалай?! Шыңғыс бабам шұршіттерден соң, ханзуларды жәукемдеген бе?

— И, и, и, сұлтан ием! Ханзуларды жәукемдеуін жәукемдеді-ау, бірақ ол кейінірек болған оқиға. Шыңғыс бабаңың шұршіттерді толық талқандап болмай жатып атының басын кілт батысқа бұрганы әлі күнге түсініксіз.

— Батысқа бұрганы қалай?

— Алтайдан бері асып, Ертіс дарияны кешіп өтіп, Хорезм падишаһтарының иелігіне тасқын судай лап

қойды емес ис? Жөліндағы анау Тәңіртаудың қойнауын қоныстанған құдандарың қаптаған қалың қолға қарсы түяқ серпуге де жарамапты. Алтайдың арғы бетіндегі Шыңғыстың соиқанынан азер қашып құтылып, қидан гурханын паналаган, гурханның ауелі қызын алып, кейін тагын да тартып алған найман ханзадасы Қүшлік Ауган жеріне қарай шығына қашады. И, и, ѿ, сұлтан ием! Шыңғыс бабаңың қас берісі Жебенің қылышынан кім қашып құтылып еді?! Таустың арасында Қүшліктің де желкесі қылды гой.

— Ал Хорезм падишаһтары ше?

— И, ѿ, и, несін айтарсың! Бәрі де опат болды гой.

Сіздің Шыңғыс бабаңыздың тасқын судай ағылған қалың қолына қарсы кім тұра алатын еді ол кездे?! Тасқын судың өтіне ең алдымен осы дарияның бойындағы Отырадар шаһары ілікті. Гүл жайнаган қандай қала еді?! Ұлғи бір ғұламалар өскен шаһар болатын. Алты ай бойы арпалысып, акыры тып-типылыштың шықты. Шаһар бегі қыпшақ Қайыр ханды аузы-мұрнына балқытылған күміс құйып қорлап өлтіріпті.

— Қыпшақ Қайыр хан дейсің бе, Ғұлам қари!?

Аргы тегі бір нәсілден таралғанын біле тұра Шыңғыс бабам неге оған сонша өшікті екен.

— Й, ѿ, и, сұлтан ием! Билік үшін бірге туган бауырын да бауыздап тастайды. Мейрімді билеуші деген арман гой. Сондай үлгілі падишаһты тәрбиелемек болып қаншама ғұлама ақыл-ойын сарп етті. Бірақ, бәрібір ештеңе шықлады. Билік пен қатыгездік егіз екен.

— Жарайды таусылмаңыз. Ғұлам қари! Одан да ары қарай не болғанын айттыңыз.

— Ары қарай не болсын, сұлтан ием?! Отырадан кейін осы дарияның бойындағы Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Жент, Үзкент шаһарлары ұлы қаған сарбаздары алдында бірінен соң бірі тізе бүкті. Кей шаһар тұрғындары өз еркімен қала қақпасын ашса, кей шаһар тұрғындары қарсыласып-ақ бакты. Қарсыласқанынан не пайда бірак, бостан-босқа қойша қырылды гой. Олардан кейін Хорезм падишаһының бас ордасы Үргеніш шаһары қирады. Іле-шала Бұхар мен Самарқан тізе бүкті. Қан судай ақты. Бұрын өнер-блім

ордасы болған шаһар халқын далалықтар аш бөріше талады. Бүкіл өңір әйелдер мен балалардың ызы-қику жылаған зарына толды. Сол оқиғаларға куә болғандардың жазғандарын оқысаныз, тобе шашыңыз тік тұрады, сұltан ием!

— Обал-ақ болған екен. Шыңғыс бабамды мұншама қатыгез болған деп ойламаппын. Сонда бұл елді қорғайтын патшасы қайда, әскері қайда?

— Шыңғыс бабаңың қатыгездігі шектен асқан гой, сұltан ием! Бәлкім ол заманда қарсыласқан дүшпаның тұқым-тұяғымен құртып жіберу де қажет болған шығар. “Қамысты бос ұстасаң қолыңды кеседі” деген мақалды есітіп пе едіңіз? Ел билегің келсе, қылышыңды әмәнде әзір ұста, бірақ ақылмен жұмса! Хорезм патшасы Мұхаммед шахтың түбіне де жеткен сол ақылсыздығы болатын. Өзінің тұған ұлымен тіл табыса алмаган падишаң қара халықты қайтып соңына ерте алсын?! Хорезм қыпшақтарының жер қайысқан әскеріне сенбегені сондай, басқыншы жауды шеп құрып кен далада жұмылған жұдышықтай қарсы алудың орнына, бір тұтас қолды әр шаһарға боліп-боліп, өзінді өзің қорға деген гой. Шыңғыс ханға да керегі осы еді. Шұршіттермен соғыста қолға түсірген қамал бұзғыш арбаларын сүйреп келді де, әр шаһарды шекілдеуікше шағып алды. Ал Мұхаммед шахтың өзі болса, тығыларға ін таба алмай, батыстағы көк теңіздің ортасындағы аралға отіп кеткен гой. Білетіндердің айтуынша, ол бір алапеске шалдыққан науқас адамдар жер аударылатын арал екен. Аяқ астынан араларына топ ете түскен алтын шапанды шахты аш-жалаңаш байғұстар аясын ба, киім-кешегі мен азық-түлігін талап алышты. Арғы жағы белгілі гой. Алапес деген жүқпалы дерпт патша екенсің деп, айналып өтетін бе еді, сірә. Шыңғыс хан қолына қарсы лайықты соғыса алған тек Мұхаммедтің ұлы Жамаладдин болды. Кескілескен күреспен Ауган жеріне қарай шегінген ол Қабулдың маңында Шыңғыс ханның Шигу Құтылық бастаған бір түмен әскерін тас-талқан етеді. Қайсар Жалаладдиннің соңынан жаңадан қалың әскер алып Шыңғыс ханның өзі аттанады. Құш тең емес еді. Түстікке шегінген Жамаладдин

сарбаздарын Үнді өзенінің бергі бетінде Шыңғыстың қалың қолы құып жетеді. Қанды қырғыннан қашып құтылғандар аз болыпты. Ағынды өзенге ат-матымен қойып кеткен Жамаладдин арғы бетке аман шығыпты әйтеуір. Қайран ердің жат елдегі тағдырының не болары белгілі гой, сұltан ием! Бәрінен де Мұхаммедтің шешесі, Хорезмді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап үйренген Теркун қатынға обал болды. Й, и, и, сұltан ием! Шыңғыс бабаң өктемесінген патшайымды ордасының босағасына отыргызып қойып, өзі шала мұжіген сүйегін итке лақтырғандай Теркун қатынның алдына бастаған гой.

— Жеп пе соны?

— Енді қайтсін?! Желкесінен қару кезенген қарауылдар әр қимылын бағып тұrsa. Ол, ол ма, Шыңғыс бабаң Самарқаннан қайтарда жеңілген ел билеушілерінің Теркун қатын бастаған әйелдерін қақпа алдына сапқа тұргызып қойып, жермен жексен болған Хорезм патшалығына жоқтау айтқызған гой.

— Солай де, Ғұлам қари! Шыңғыс бабам Хорезм қыпшақтарының елін жәукуемдеп, мұратына бір жеткен екен гой.

— — Й, й, и, сұltан ием! Сіздің Шыңғыс бабаңыз анау-мынауды місе тұта қойған ба?! “Кекте — Көк Тәңірі, жерде — оның елшісі Шыңғыс қаған” деп, әлемнің әміршісі болуга үмтүлған ұлы жиһангер емес пе?! Хорезм қыпшақтарын табанының астына таптаған соң, үш қолбасшысы — Сүбедей, Жебе, Тоғышарға үш түмен әскер беріп, парсы еліне аттандырады. Ежелгі Балх, Мерв шаһарлары күлге айналды. Нишапур шаһарын алар кезде Тоғышар қаза тапты. Тоғышардың қазасы үшін Нишапур шаһарындағы тірі мысыққа дейін қырып салынды. Содан соң, кезек Герат, Тебриз шаһарларына келді. Сол кездегі Араб халифатының астанасы Бағдад шаһарын жайлаган үрейді айтып тауыса алмайды білетіндер. Тасқын судай ағылған қалың қол Бағдадқа соқпапты әйтеуір. Сүбедей мен Жебе Қап тауын түстігінен асып өтіп, жолдағы гүржі елін талқандап, Еділдің арғы бетіндегі кең жазыққа бір-ақ

шыгады. Ол кезде қыпшақ елінің бір шеті сол өлкеге дейін созылып жатқан-ды. Олар да қалың орыспен одақтасып, жерін қорғамақ болады. Бірак, бес қаруын сайлаған Сүбедей мен Жебеге қарсы не қауқар жасай алсын?! Қалқа дарияның бойында орысың да, қыпшағың да тас-талқан болып жеңіледі. Бір жорығының өзімен қыруар жұртты бас идірген Сүбедей мен Жебе бері қарай Еділ дарияны төтесінен кешіп өтіп, Шыңғыс ханга қосылуға асыгады. Алайда қаптаған жаудаң жүрегі шайлышқаған Жебе баһадүр қайтар жолда кенеттен сырқаттанып қайтыс болады. Жауынгер серігін азалап, жер қойнына берген Сүбедей сарбаздарын сонына ертіп, кең даламен желе жорытып осы Сырдың бойында Шыңғыс қаганға қосылыпты. Жан-жаққа аттандырган қолбасшылары түгел жиналышп болған соң, осы өзіміз түрган маңның түстігіндегі Құлтөбе деген жерде ұлы құрылтай откізіп, шахит болған жауынгер серіктерін азалап еске алады, жауап алған ұлан-гайыр аймақты үлкен төрт ұлына боліп береді.

— Ғұлам қари, сонда қалай, Шыңғыс бабамда тек төрт-ақ ұл болған ба?!

— Й, й, й, сұлтан ием! Шыңғыс бабаңың қанша әйелі, қанша перзенті болғанын бір Алланың өзі біледі. Ұлының өзі жүзге жететін дейді ғой. Алайда Шыңғыс қаган тек үлкен бәйбішесі, қоңырат Дай шешеннің қызы Бөртеден туган төрт ұлын ғана өзінің ұлан-гайыр аймагына мұрагер етіп қалдырган. Үлкен ұлы, мына Сіздің тікелей атаңыз Жошыға Ертіс дариядан батысқа қарайғы өз сарбаздарының ат түяғы тиғен жерлердің бәрі берілді. Жошы атаңың түстігі мынау осы ұлы дарияға тіреліп, терістігі мәнгі тоңы жібімейтін қалың орманды қамтитын иелігінің батысына жету атты адамға айшылық алыс жол еді ғой. Шыңғыс бабаң екінші ұлы Шагатайға Тәніртаудың аргы бетін, бергі бетін, мынау ұлы дарияның аргы бетін еншілеген. Үшінші ұлы Үгедей Ертіс дарияның аргы бетін, Тарбағатайды, ақ сенгір Алтайдың аргы-бергі бетін түгел алды. Кіші ұлы Төленің еншісіне әкесінің қара шанырағы орналасқан Керуken мен Орхон дариядан бастап, шығысқа қарайғы бүкіл аймақ тиң.

Төрт үлдүң иелігі үлс мұнқолдар елінің төрт үлсысы аталды. Бәрі Қарақорымдағы үлс қaganға бағынатын болды. Үлс тақтың мұрагерлігіне Үгедей белгіленді.

— Неге Үгедей? Неге үлкен үлс, менің атам Жошы емес? Неге екінші үлс Шагатай емес?

— Й, ю, и, сұltан ием? Үлс қagan солай шешіпті гой. Білетіндер Жошы мен Шагатайдың арасында бір киқілжің болған деседі. Шыңғыс бабаң соған ренжіген дей ме, немене?! Қаңқу сөз шығар әншейін. Менің білетінім үлс қaganның мұрагерлік мәселесін дер кезінде шешіп кеткені. Сірә, пәніндегі жорығы таусылуға жақындағынан өзі де сезсе керек?!

— Сонда қалай, Ғұлам қари! Шыңғыс бабам осы дарияның бойындағы құрылтайдан соң көп үзамады ма?

— Көп үзамады, сұltан ием, көп үзамады. Құрылтайды өткізіп, ыргалып-жырғалып Қарақорымдағы ордасына қайтқан. Артынан сіздің Жошы атаңызың қаза тапқаны жөнінде хабар жетті. Мына кең далада құлан аулап жүріп аттан құлапты. “Ақсак құлан” туралы аңызды естіп пе едіңіз, сұltан ием! Сондай бір күй де бар. Екеуі де Жошы оғыланның қазасына арналған. Үлкен үлсінің қазасын Шыңғыс қaganға естіттіртуге ешкімнің жүрегі дауаламаган гой. Сонда бұл қаралы хабарды үлс қaganға найман Кетбұға ақын жеткізіпті деседі.

— Ал Шыңғыс бабамның өзі қалай қаза тапты?

— И, ю, и, сұltан ием! Жошы оғыланның қазасынан кейін жарты жыл өтті ме, өтпеді ме, Шыңғыс бабаң өзінің құзырына толық бағынғысы келмеген таңғұттарға қарсы жорыққа аттанады.

— Таңғұттар деген қай халық?

— Шұршіттер мен ханзуларға туыстас сондай бір халық болған. Өздерінің кәдімгідей мәдениеті болыпты. Шығыстан жылысып келіп, Үлс қытай қорғанының аргы бетіне, шұршіттер мен көшпелілер арасына қоныс тепкен. Шыңғыс бабаң шұршіттерге қарсы алғашқы жорығында таңғұттарды бір қағып өтіп, өз құзырына оңай-ақ бағындырған гой. Алайда үлс қaganның тегеурінін толық сезінбеген бе,

Шыңғыс хан батысқа жорыққа аттанғанғанда, таңғұттар әліптің артын бағып бұғып қалыпты. Сірә, Шыңғыс Хорезм падишаһынан жеңіліс табады деп үміттенсе керек. Батыс жорығынан үлкен жеңіспен оралған Шыңғыс бабаң бір бармагын ішіне бүккен таңғұттардың сазайын тартқызды емес пе?! Білетіндердің айтуынша, таңғұт жұртынан ереккіндікті ешкімді қалдырмапты. Содан соң таңғұт деген халық жер бетінен мұлде жоғалды.

— Ал Шыңғыс бабам ше?

— Й, й, и, сұltан ием! Ұлы қаганның қазасы туралы жoramal көп. Біреулер оны таңғұттарға жорық жасардың алдында аттан құлап, жазылmas жарақат алышты десе, екінші бір шежірешілер таңғұттармен соғыста санынан жарапанып, қансырап қайтыс болған деседі. Ал халық арасындағы аңыздың айтуынша, Шыңғыс бабаң таңғұттардың ереккіндіктісін түгел қырып-жойып болған соң, жеңілген жаудың елде жоқ сұлу ханшайымы Курбелшін қатынмен бір отауда оңаша қалады гой. Сұрқия әйелдің өткір алмасты қай жеріне жасырып әкелгенін ешкім білмейді, әйтеуір сол күні қаптаған қалың әскер жене алмаған ұлы қаган қайдагы бір қатынның қолынан енді қайта оңаластай жарақат алған. Бізге белгілісі: Шыңғыс ханның қаза тапқанын ел-жұрты таңғұттар әбден жеңіліп болған соң естіген. Ұлы қаганың мәйітін Бурхан тауының маңына жерлеп, қабірін кейін ешкім таба алмастай етіп, үстінен сан мың жылқы айдал өткен деседі білетіндер.

— Шыңғыс бабамның тағдыры тым қайғылы аяқталған еken гой. Ұлы қаган бұл өмірден өткен соң, артында қалған елінің берекеті қашқан шыгар.

— Бекерекеті қашқан жоқ, сұltан ием. Ұлы қаганың аяқтай алмай кеткен жорықтарын артында қалған үрпақтары жалғастырды. Ұлы тақты иеленіп қалған Үгедей, оның ұлы Қүйік, Шыңғыс ханның төртінші ұлы Төленің балалары Мөңке мен Құбылай кезек-кезек ханзулар елін бас идіріп, мынау қара жердің ұлы мұхитқа тірелетін шығыс шетіне дейінгі аймақты түгел иемденді. Құбылайдың кезінде ұлы қаганың ордасы Қарақорымнан Бежінге көшіріліп, оның

үрпактары билеген ұлыс Юань патшалығы аталағы. Ал Құбылайдың інісі Хулагу ұнді елінен Мысырға, терістігі Қап тауына дейінгі ұлан-гайыр аймақты өз құзырына бағындырып, оның үрпактары билік жүргізген бұл аймақ кейін Ильхандар патшалығы аталағы. Сіздің тікелей атаңыз Жошының екінші ұлы Бату болса, қыруар қолмен құнбатысқа жорыққа аттанып, орыс жерінен әрі асып, Балқантауга дейін жетті. Ертіс дариядан Балқантауга дейінгі аймақ кейін Алтын Орда мемлекеті аталағы, алыс-жақын аймаққа өз ықпалын жүргізді. Бәрін қосқанда, мынау қара жердің төрттен үш болігі екі жұз жыл бойы Сіздің Шыңғыс бабаңыз үрпактарының иелігінде болды, сұltан ием.

— Бату дедіңіз бе, Ғұлам қари?! Біз сонда Жошы атамыздың екінші ұлы Батудан өрбиміз бе?

— Жоқ, Сіздің әulet Жошының ұлken ұлы Орда Еженнен тарайды. Шыңғыс бабаның ұлken ұлы Жошы хан. Жошы ханның ұлken ұлы Орда Ежен хан. Орда Ежен ханнан Сартак хан. Сартак ханнан Құйыншы хан. Құйыншы ханнан Баян хан. Баян ханнан Сасы Бұқа хан. Сасы Бұқа ханнан Ерзен хан. Ерзен ханнан Шымтай хан. Шымтай ханнан Орыс хан. Орыс ханнан Құйыршық хан. Құйыршық ханнан Барақ хан. Ал Барақ ханның ұлы — Сіздің әкеңіз Жәнібек сұltан.

— Токтай түр, Ғұлам қари. Жошы атамыз оқыстап қазага үшірган соң, ұлыс билігі оның ұлken ұлы Орда Еженге көшпеуші ме еді? Неге Бату хан билікті қолына алған?!

— Сұltан ием! Сіздің Орда Ежен атаңыз табиғатынан кең пейілді адам болса керек. Экесінің қазасынан соң Шыңғыс атасына өзі барып, Жошы ұлысының билігін тетелес інісі Батуга беруін сұрапты-мыс.

— Рас па екен осы сез?

— Рас. Рас болғанда қандай, сұltан ием! Бату баһадур де ағасы Орда Еженді ғұмыр бойы сыйлап өткен. Жошы атаңыздың о баста Алакөлге орныққан ұлken ордасын ағасына қалдырып, өзі ұлыстың батысына кетті. Қөп ұзамай Балқантауга дейінгі ұлан-гайыр аймақты жаулап алып, Алтын Орда сынды алып мемлекет құрды. Еділ дарияның бойынан Сарай қаласын салып, оны өз мемлекетінің

астанасына айналдырыды. Ал Орда Ежен болса, кең байтак ұлыстың Арап теңізінен бері қарайғы шығыс болігіне билік жүргізді. Бұл бөлік, яғни Алтын Орданың сол қанаты бірте-бірте Ақ Орда атанды. Ақ Орданың билеушілері – мына Сіздің аталарыныздың бәрі хан лауазымын иеленді. Ұмытпасам, Күйиншы ханның тұсында болу керек, Ақ Орданың астанасы Алакөлден қазіргі Әбілхайыр хан ордасы тұрган Сығанақ шаһарына көшіріліпті. Одан бері де талай дәурен өтті гой. Анау жылдары Сіздің үш атаңыз Орыс хан, Күйиршық хан, Барақ хан кезек-кезек Алтын Орданың орталығы Сарай шаһарындағы ұлы таққа да отырып көрген.

– Қалай дедіңіз, Гұлам қари? Менің аталарым Алтын Орданы да билеген бе!

– Несін айтасыз, сұлтан ием! Өтті гой талай тарих! Алтын Орданы Алтын Орда жасаған Бату баһадүр деп жаңа айттым емес пе? Шыңғыс бабаң қайтыс болған соң, Бату баһадурдің ықпалы, тіпті, зор болған. Бірақ, бұл дүниеде мәңгілік адам жоқ. Батудан соң Алтын Орда тағына оның інісі Берке отырды. Анау Мысырдағы Бейбарыспен одақтасып, екі ортага елшілік жүргізген осы Берке хан. Беркеден кейін жұз жыл бойы Алтын Орда тағына Батудан тараган үрпактар ие болып келді. Бұл дәстүр мәңгілік бұзылмастай көрінген. Бірақ бұзылды. Бұзган басқа емес, Бату баһадурден тараган үрпактардың өздері болды.

– Қызық еken, Гұлам қари! Қалай өздері бұзды?!

– Й, й, й, сұлтан ием! Бәрі де Жәнібек ханның қазасынан кейін басталыпты деседі. Бұл — Батудың үрпагы үлкен Жәнібек, ал сіздің әкеңізді кіші Жәнібек деп атайды. Атақты Өзбек ханының ұлы Жәнібек Алтын Орда тағына отырған соң, өз мемлекетінің аумағын кеңейтуге кіріседі. Баяғы Төленің кіші ұлы Хулагу Қап тауының аргы бетінде негізін қалаған Ильхандар патшалығы бұл кезде әбден әлсіреген еді. Соны пайдаланған Жәнібек Қап тауына жорық жасап, ильхандардан Әзербайжанды тартып алады. Ұмытпасам, бұл Иса пайғамбар тұғаннан кейінгі 1353 жылы болған оқиға. Жаулап алған елді билеп-төстөу үшін үлкен ұлы Бердібекті Тебриз шаһарында қалдырып.